

"Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 10 қарашадағы № 318-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 10 қарашада № 37370 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі сауда қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 253-1-тармақпен толықтырылсын:

"253-1. Жаңа көлік құралдарын беру оларды кейіннен сатып алу не Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалатын лизинг шартында көзделген тәртіппен және талаптарда лизинг берушіге қайтару құқығымен жеке тұлғаларға жеке пайдалану үшін лизингке беру түрінде жүзеге асырылуы мүмкін".

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрілігінің Сауда комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланған күннен кейін оны Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрілігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрі

А. Шаккалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі